



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
АЛЬ-ФАРАБИ
KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER AL-
FARABI

Көрнекті түркітанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы,
профессор М. Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған
«Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты
халықаралық ғылыми-әдістемелік онлайн конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 2017 жылдың 3-4 қарашасы

МАТЕРИАЛЫ

Международная научно-практическая онлайн-конференция
«История казахского языка и основы духовной модернизации»
посвященный 85-летию со дня рождения доктора филологических
наук, профессора М. Томанова

Алматы, 3-4 ноября 2017 года

MATERIALS

International scientific-practical online conference
«History of the Kazakh language and basis of spiritual modernization»
dedicated to the 85th anniversary of the Doctor of Philological Sciences,
Professor M. Tomanov

Almaty, 3-4 November 2017

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-03
Қ 17

Шығарылымға Филология және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған

Редакция алқасы:

Әбдиманұлы Әмірхан – филология және әлем тілдері факультетінің деканы,
ф.ғ.д., профессор

Салқынбай Анар Бекмырзақызы – Қазақ тіл білімі кафедрасы профессоры, ф.ғ.д.

Ақымбек Съезд Шардарбекұлы – Қазақ тіл білімі кафедрасы меңгерушісі, ф.ғ.к.

Редакция алқасының мүшелері:

Иманалиева Ғазиза Қынуарбекқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

Рамазанова Шайгүл Әмірғалиқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
ф.ғ.к.

Аширова Анар Тишибайқызы – Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к.,
Лингвоарна ғылыми-зерттеу орталығының директоры м.а.

«Профессор М. Томановтың туғанына 85 жыл толуына арналған «Қазақ тілі тарихы және рухани жаңғыру негіздері» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (2017 жылдың 3-4 қарашасы). – Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017. – 310 бет.

Конференцияның G-Global платформасындағы бейне түсірілімі <https://www.youtube.com/watch?v=rMT8WedCtuM> сілтемесінде жүктелген.

ISBN 978-601-7091-45-03

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Каз-03

ISBN 978-601-7091-45-03

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

білгенсігеннен көп қателеседі. Кейде орынсыз қолданылған тіркес оның жеке қасиетінен де көрініс беріп жатады. Көп жағдайда көпшілік алдында сөз сөйлеп, ысылып қалған кісілер өзінің қатесін мойындағысы келмейді. Және оны түзетуге де талпынбайды. Қатесіз сөйлеу – бұл дұрыс сөйлей білу. Тіл дұрыстығы, яғни сөйлеу, сөз жасау, грамматика, орфография және пунктуация нормасын меңгеру. Дұрыстық кез келген жағдайда белгілі бір заңдылық деп қабылдануы тиіс. Мысалы, емтихан тапсырушы оқушы шығарма не жазба жұмысында қате жіберетін болса белгіленген мөлшерден асса; ол жоғарғы оқу орнына түсе алмайды не диплом, куәлік ала алмайды. Сондай-ақ, сауатсыздықты қоғам да қатаң сынға алып отырады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Кәукербаева Б., Сөз қолданыстағы семантикалық екіұштылық, Алматы: 2006
2. Абитиярова А., Сөз саптау үрдісіндегі қателер. Алматы:2010.
3. Шалабаев Б. Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері. Алматы: «Рауан», 1997, Б-81.
4. Жалмаханов Ш., Көп мағыналы зат есімдердің семантикалық құрылымы. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. 2002. №1. -32-38б.
5. Жалмаханов Ш., Лексикалық көп мағыналықты зерттеудің әдіс-тәсілдері мен негізгі принциптері//ҚР БҒМ, ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2002. №2. 11-20б
6. Болғанбаев Ә., Көп мағыналы сөздер және олардың жасалу жолдары. Алматы: «Мектеп», 1963
7. Жүсіпов А.Е., Қайшылықтың семантикасы мен прагматикасы (лингво-мәдениеттанымдық қыры) Астана, 2013. - 467бет.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА ЭМОЦИОНАЛДЫ-ЭКСПРЕССИВТІ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Иманалиева Ғ.Қ.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к
Амирова М.Ж.,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы
Ормаханова Л.
№15 орта мектебінің мұғалімі

Тірек сөздер: Көркем әдебиет тілі, эмоционалдылық, экспрессивті сөздер, коммуникативтік қызмет, адамның эмоциясы.

Ключевые слова: Язык художественной литературы, эмоциональность, экспрессивные слова, коммуникативный деятельность, человеческая эмоция.

Keywords: Language of fiction, emotionality, expressive words, communicative activity, human emotion.

Көркем әдебиет тілі өзінің айтарлықтай икемділігімен, айқындылығымен және динамикалығымен ерекшеленеді. Ол тілдік құралдарды жаңа мағынада қолдануға мүмкіндік береді, адамзаттың өзара қарым-қатынасының сан алуан қажеттілігін өтеуге тез бейімделеді, сондықтан да адамзаттың негізгі әрі жалпы алғанда баға жетпес құралы болып қала береді. Н.Д. Арутюнова «Функции языка» атты еңбегінде: «Адамзаттың аса маңызды қатынас құралы бола отырып, тіл адамдарды біріктіреді, олардың тұлғааралық және әлеуметтік өзара қарым-қатынастарын реттейді, олардың практикалық қызметін үйлестіреді, әлемнің дүниетанымдық жүйесі мен ұлттық әлем бейнесін қалыптастыруға қатысады, ақпараттың, оның ішінде тарих пен халықтың тарихи тәжірибесіне және индивидтің жеке тәжірибесіне қатысты ақпараттың жиналуы мен сақталуын қамтамасыз етеді, санада ұғымдарды ажыратады, жіктейді және орнықтырады, адамның санасы мен өзін-өзі жетілдіруін қалыптастырады, көркем шығармашылық әрекеттің материалы және формасы қызметін атқарады», – деп жазады [1,598]. Тілдің негізгі қызметтері: коммуникативтік қызмет (сөйлесу қызметі); ой қалыптастыру (ойды тиянақтау және жеткізу қызметі); экспрессивтік (сөйлеушінің ішкі жай-күйін білдіру қызметі); эстетикалық (тіл құралдары арқылы әсемдікті сезіну қызметі).

Коммуникативтік қызмет тілдің адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау құралы қызметін атқару мүмкіндігі болып табылады. Тіл хабарламаларды түзуге қажетті бірліктерден, олардың жұмсалуын ұйымдастыратын ережелерден тұрады және әңгімеге қатысушылардың санасында ұқсас үлгілердің пайда болуын қамтамасыз етеді. Тілде, сондай-ақ коммуникацияға қатысушылардың арасында байланыс орнатып, әңгімені жандандыруға қажетті арнайы құралдар болады. Сөйлеу мәдениеті тұрғысынан коммуникативтік қызмет сөйлеу коммуникациясына қатысушылардың қарым-қатынастың жемісті болуын, сондай-ақ сөйлеуді дұрыс түсінудің жалпы мақсатын көздейді. Әдеби тілдің нормаларын сақтамайынша, қарым-қатынастың функциональдық тиімділігіне жету мүмкін емес. Ой қалыптастыру қызметі тілдің ойды тиянақтау мен жеткізу құралы қызметін атқаратындығынан көрінеді. Тілдің құрылымы ойлау категориясымен органикалық тұрғыдан байланысты болады. «Ой әлемінде ұғымды дара бірлік ретінде көрсете алатын сөз оған (ой әлеміне) өздігінен мол нәрсе қоса алады», – деп жазады жалпы тіл білімінің негізін салушы В. фон Гумбольдт [2, 318].

Бұл сөз ұғымды айқындап, қалыптастырады, ойлау бірліктері мен тілдің таңбалық бірліктері арасында қатынас орнатады дегенді білдіреді. Сондықтан да В. Гумбольдт «тіл ойды жетілдіруге негіз болуы тиіс. Ой, тілден алшақ кетпей, оның бір элементінен кейін екіншісін қамтып, ойдағы барлық ұғымға тілде атау табуы тиіс», – деген болатын [2, 345]. В. Гумбольдтың пікірінше, «ойға сәйкес болуы үшін тіл, мүмкіндігінше, өзінің құрылымы арқылы ойлаудың ішкі ұйымдастырылуына сәйкес болуы тиіс» [2, 318].

Экспрессивті қызмет тілге сөйлеушіге қандай да бір ақпаратты жеткізіп қана қоймай, оның сөйлеушінің хабардың мазмұнына, әңгімелесушіге, қарым-қатынас жағдайына көзқарасын, яғни ішкі жай-күйін білдіруінің құралы қызметін атқаруға мүмкіндік береді. С. Мұратбековтың «Үскірік» атты

әңгімесінде табиғат кейіпкердің сол уақыттағы жан-дүниесімен үндестіре суреттеледі. Қазіргі ғылым рухани әлем үш негізгі құбылыстан: мінез-құлық актісінен; сезінген субъективті құбылыстан; санасыз психикалық құбылыстан тұрады деп дәлелдейді. Әңгімедегі психологиялық үрдістер Дәнештің сол сәттегі күн сәулесіне қатысты ойымен астасып жатады. Жағымды реңкте, жарқын бейнеде көрінетін күн сәулесі де Дәнеш үшін сол сәтте жексұрын болып көрінді. Дәнеш үшін күн сәулесі де Қайроштың жексұрын күлкісіндей болып көрінеді:

Күн ұясына қонып барады. Ортан белінен батыпты. Сөніп бара жатқан шоқ сияқты. Күрең қошқыл. Сөніп бара жатса да шоқта жылу болушы еді, ал мынада жылу да жоқ, тек жексұрын сәулесі бар, иә, жексұрын сәуле! Бірінші рет Дәнешке күннің сәулесі жексұрын көрінді. Жексұрын емей не, ең болмаса шоқ құрлы жылуы жоқ дәт қылар. Қайроштың зымиян күлкісіндей ғана алдамшы (С. Мұратбеков).

О. Бальзак: «Адам туралы айту үшін оның барша құпиясын: ойын, қайғысын, толқынысын танып-білген жөн», – деп жазған болатын [3, 12]. С. Мұратбековтың әңгімесіндегі сыртқы дүние жеке-дара сипат иеленбеген, ол ішкі болмыспен үндесіп, жаңа бір мағынаға ие болған. Мұнда жазушы сезім күйлерін жалаң бермей, ойдың бейнелілігімен астастыра берген. Жазушы қолданған көркемдік тәсіл оқырманның кейіпкердің эмоциялық жағдайына терең бойлауына күшті ықпал етіп тұр.

Тіл адамның ойын ғана емес, эмоциясын да білдіреді. Экспрессивтік қызмет қоғамда қабылданған этикет аясында сөйлеудің эмоционалдылығының айқындығын қамтамасыз етеді. Эстетикалық қызмет адресаттың эстетикалық сезімін қанағаттандыруына бағытталады. Эстетикалық қызмет ең алдымен поэтикалық стильге (фольклор, көркем әдебиет) тән, алайда мұнымен шектелмейді. Эстетикалық қызмет тіл байлығын, сөйлеудің оралымдылығын, адамның эстетикалық талғамына сәйкес келуін көздейді. Қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында сөздің эмоционалды бояуы, экспрессивті-стилистикалық бояуы, тілдік мағынаның экспрессивті-бағалауыштық компоненті мәселелері негізінен көркем мәтінге қатысты қарастырылып жүр. Ш. Айтматов әдебиет әлеміне адам жанын толқытып баурайтын, ой құдіреті мен құпияларын ашудың шебері ретінде танылған жазушы. Ішкі эмоцияны сөзбен берудің жазушы үшін табиғи қасиет екендігін Ш. Айтматовтың көркем шығармаларынан ғана емес тіпті өмірбаянынан да аңғаруға болады. Ол өзінің өмірбаянында: *«...Соғыс жүріп жатты. Елдің жаны жаралы, көңілі қаралы. Осы кезде өмір мен үшін өзінің беймәлім беттерін аша берді, халық тұрмысының сан тарауларын өз көзімізбен оқуға мәжбүр болдық. Кейіннен мұның біразын шамам келгенше «Бетпе-бет», «Ана – жер ана», «Жәмилә», «Шынарым менің, шырайлым менің» сияқты повестерімде көрсетуге тырысқан едім»,* – дейді.

Ш. Айтматовтың «Шынарым менің, шырайлым менің» повесі кейіпкердің ішкі әлемін, бар болмысын қоршаған ортамен астастыра суреттеген шығармалардың бірі. Шығарманың идеялық көркемдік мазмұнын аша түсетін негізгі көркемдік құрал – символикалық бейнелер шығармада шешуші,

маңызды мәнге ие болған. Шығармадағы символикалық бейнелер мазмұнмен біртұтас бірлікте беріледі. Шығармадан үзінді: «...*Суға төніп кеп, паң жарқабақтың үстіне тоқтадық. Қайран, қырғыз жерінің мәңгі-бақи жыры боп өткен Ыстықкөл. Осынау теңіз гашықтардың ән-жыры мен аңызына толы дегенге кім сенбес?! Мөлдіреп, құлпырып, шалқып жатты көк теңіз.*

– *Қарашы, Әсел, аққуларды қара! – деп айғайлап жібердім. Аққулар Ыстықкөлде күзде ғана болады, қыстап шығады. Ал көктемде өте сирек ұшырасады. ...Кешкі көлдің үстінде бір топ аққу қалықтап жүр...*» (Ш. Айтматов). Автор айдын көлдің аруы аққуды таза, пәк көңіл, қасиетті сезіммен шебер сабақтастырған.

Ойлау нәтижесі тіл арқылы бейнеленеді. Сондықтан ауызша, не жазбаша түрде айтылатын ойдың түсінікті, нақтылы болуына айрықша көңіл бөліп, оның мазмұнын дәл бере алатын тілдік құралдарды сұрыптап қолдана білудің маңызы зор. Көркем шығармада тілдік тәсілдер көркемдік мақсатта жұмсалады. Образды сөздер жиі қолданылады. Әр жазушының өзінің талғамына қарай тіл ерекшелігі, қолдану тәсілі болады. Ол ерекшеліктердің бәрі бір-бірімен ара қатынаста болып, көркем шығарманың қайталанбайтын, айрықша ерекшелігін жасайды. Көркем әдебиет – ойды және сезімді образ арқылы бейнелейтін айрықша өнер. Аталған шығармада жазушы қуаныштан жүректері алып ұшқан қос ғашық сезімінің асып-тасып шалқығанын ерекше шабытпен суреттеген. Төмендегі екі мәтінге назар аударайық:

1. *Әсел екеуіміз кабинада отырмыз. Әсел күлді, жылады, сосын қайта күлді. Мен есейіп, күшті болған сияқтымын.*

2. *«Кабина ішінде көлге үңіліп үнсіз отырмыз. ...Әсел жалт қарады да, кеудеме басын салды. Аймалап құшақтайды. Күледі де жылайды, тағзы күледі. ...Бұрынғыдан күшейіп, есейіп кеткен тәріздімін. Өзімде осынша жылылық, мейір барын, жақын адамың боп, оны қызғыштай қорып, құрақ ұшу дегеннің бір керемет екенін білген де емес ем» (Ш.Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»).*

Екі мәтін де бір ойды жеткізіп тұрғанымен екеуінің арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Егер біз бірінші мәтіннен белгілі бір жағдай туралы ақпарат, мәлімет алсақ, екінші мәтіннен сөзбен салынған суретті көреміз.

Тілде адам эмоциясы түрлі тілдік құралдар, түрлі тәсілдер арқылы беріледі. Шығармадан үзінді:

«– *Ә-әй, асқар таулар! Ұлым бар менің, ұлым бар!. Тау сілкініп кеткендей боп көрінді. О да маған үн қосады, шатқалдарды шарлап көпке дейін басылмады жаңғырық» (Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»).* «*Ұлым бар менің, ұлым бар!*» деген бірнеше сөз арқылы автор қуаныштың керемет бейнесін жасап тұр. Әке болу бақытына ие болған жас жігіттің алып ұшқан көңілін асқақ үн, тебіреніс арқылы көркем суреттеген.

Көркем шығармаларда адамның эмоциясын білдірудің негізгі тәсілі – эмоционалды-экспрессивті лексиканы қолдану. Алайда эмоцияны беру, суреттеу, кейіпкердің эмоциялық жағдайын оқырманға да сезіндіру, дәл сол

сәтті, сол жағдайды суреттеген мәтіннің қуаттылығы жазушының ой зерделілігі мен тіл байлығына, шеберлігіне байланысты. Талғамсыз қолданылған сөздерден оқырман жанының терең тебіреніс алуы, лайықты әсер алуы мүмкін емес. Кейіпкердің көңіл-күйін, ішкі толғанысын беруде, шебер салынған суреттегі бояулардың тілі мен әсері сияқты, көркем шығармадағы сөздер де қажетті мағыналық бояуды бере алатындай болуы тиіс. Ш. Айтматовтың эмоциялық суретті беруі:

«...Бірақ өмір өз дегенін істеді. Бұлай болар деп ойлаппын ба?.. Есік ашық, қаңырап тұр. Иесіз үй азынап, жағылмаған қара пештен бір ызғар келеді. Саматтың кереуетіне жетіп барсам, о да бос.

– Әсел! – деп үрейлене сыбырлаймын. Қаңырап тұрған үй де «Әсел» деп күбірлегендей болады. Жан ұшырып сыртқа шықтым. – Әсел! – деп, бүкіл ауланы басыма көтере айқайлаймын. Ешкім үн қатпады» (Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»).

Мәтінде эмоция көп – жан айқайы, өкініш, айрылу, қорқу. Осы эмоцияның бәрі мәтінде: *ашық есік, иесіз үй, жағылмаған қара пеш, Саматтың бос кереуеті, үнсіздік* сияқты жекелеген детальдар арқылы беріліп тұр. Ш. Айтматов әр детальды көркем бейнелей отырып, нағыз шебер суретші ретінде бәрін біртұтас бірлікке айналдыра алған. Жігіттің жан айқайы, оның бүкіл эмоциясы мәтін соңындағы: *«Әсел! – деп айқайлауы арқылы сыртқа шығады, оқырманға жетеді. Тілдік құралдарды шебер ойната отырып, жазушы жігіттің орны толмас өкінішке ұрынғанын дөп басып, анық көрсетеді.*

Баяндалуы мен эмоциялық бояуына, жігіт эмоциясының деңгейіне қарай мәтінді үшке бөліп қарастыруға болады: басы, орталық нүктесі, соңы.

Мәтіндегі эмоцияның алғашқы көрінісін жазушы оқырманға: *«Бұлай болар деп ойлаппын ба?..»* деген сұраулы сөйлем арқылы жеткізеді. Бұл – мәтінде берілген, суреттелген эмоциялық күйдің басы. Ары қарай суреттелетін эмоциялық күй мәтіндегі: *«ашық есік, иесіз үй, жағылмаған қара пеш»* детальдары арқылы беріліп, кейіпкердің ішкі жағдайымен үндесе түседі.

Мәтіндегі эмоцияның орталық нүктесі вербалды және бейвербалды құралдардың тоғысуы арқылы беріледі. Бұл бөлік мәтіндегі *«Саматтың кереуетіне жетіп барсам», «– Әсел! – деп үрейлене сыбырлаймын»* тілдік бірліктері арқылы беріледі. Саматтың кереуетіне барғанша кейіпкердің кеудесінде болған үміт, бос кереуетті көрген кезде үзіледі. Эмоция шарықтау шегіне жетеді.

Мәтіннің соңғы бөлігі тағы да вербалды және бейвербалды құралдардың тоғысуы арқылы беріледі. Автор кейіпкердің қимыл-қозғалысын суреттей отырып, оның ішкі жан-дүниесіндегі шиыршық атқан эмоцияны білдіреді. Ол шығармада: *«Жан ұшырып сыртқа шықтым»* тілдік бірліктері арқылы көрініс табады. Мәтін соңы кейіпкер эмоциясының сыртқа шығуымен ерекшеленеді: *«– Әсел! – деп, бүкіл ауланы басыма көтере айқайлаймын. Ешкім үн қатпады»*. Бұл – жігіттің «су түбіне кетіп бара жатқан адамдай» болған жан айқайы. Мәтінді үш бөлікке бөлу арқылы эмоцияның динамикасын, оның вербалды, бейвербалды құралдар арқылы берілуіне талдау жасауға болады.

Оқиға барысында оқырман өмірден түңілген жігітпен бірге азапқа түсе отырып, қатты қиналады, бірге езіледі, жан жарасын емдер күшті бірге іздейді. Шығармада: *«...Кейде түн баласына көз ілмей шығам. Саматтың нәзік аяқтары бұралып, жымылып тұрған кейпі көз алдымнан кетпей-ақ қойды. Оның жұп-жұмсақ, сәби иісін өмір бойы ұмытар емеспін»* (Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»), – деп берілетін жігіт сөзі оқырман жанын қинай түседі.

Шығарманың көркемдік жүйесінің бөлінбес бір бөлшегі пейзаждық көріністер. Шығарманың басында суреттелген көл мен аққу екінші рет тағы да суреттеледі: *«Көлге қарай айқайлап шыға беріп, ойда-жоқта селк ете түстім – аққуларды қара!»*

Көктемгі Ыстықкөлдегі аққуларды өмірімде осымен екінші рет көріп тұрмын. Аппақ құстар, көп-көгілдір Ыстықкөлім, таусылмайтын жырым менің» (Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»). Махаббаттың символы аққуды жазушы екінші рет суреттегенде кейіпкердің өз аққуын үркітіп алғанын, аққуының жанын жаралап алғанын жеткізеді. Кейіпкермен бірге оқырманның да жүрегін өкініш билейді.

Ш. Айтматовтың 1980 жылы жарыққа шыққан «Ғасырдан да ұзақ күн» романы өмір мен өлімді, қасиет пен қасиетсіздікті, жер-анаға адамдардың қарым-қатынасын, қазіргі әскери полигондағы Найман-Ана бейітінің тарихын айтатын – психологиялық роман. Ш. Айтматов шығармашылығының ерекшелігі кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, психологиялық күйін беруде стилистикалық құралдарды қолдану шеберлігі. Жазушы сөзінің күші оның өн бойындағы мән мен мағына реңкіне де байланысты. Ш. Айтматов шеберлігі сөзді құбылысты атаумен бірге ерекше бір әсер барын аңғарта, адамның көңіл-күйіне өзгеріс әкелетіндей етіп қолдана білуі. Шығармадан үзінді: *«...Іздегенім ақыры табылды-ау деп, Найман-Ана ә дегенде қуанғаннан Ақ інгенді сауырлап, өріске қарай салып ұрып келе жатты да, кенет қазір мәңгүрт ұлымен көрісетіні есіне түсіп, есі шығып, тұла бойы қалшылдап, үрей-үркек болды да қалды. Тағы бірде қуаныш бойын қайта билеп, не болғанын білмей, жүрегі түскір алып ұшты»* (Ш. Айтматов).

Көркем мәтінде кейіпкер сөзі жалаң түрде емес, қарым-қатынастың өту жағдайы, орны, кейіпкердің дене қалыптары мен қимыл-қозғалыстары т.б. да компоненттердің қоса суреттелуі арқылы беріледі. Кейіпкер эмоциясы берілген кезде көркем шығармада аталған элементтер де маңызды рөл ойнайды. Оларды бейнелеу, кейіпкер эмоциясымен үндестіру арқылы біртұтас сурет жасалады. Шығармадан үзінді: *«Таяп келіп, Найман-Ана өз ұлын танығанда, түйе үстінен қалай аунап түскенін өзі де білмей қалды. Ақ інгеннен құлап түскендей болып еді, оны елер шама жоқ!»*

– О, ұлым, менің құлыным! Мен сені іздеп шарқ ұрдым! – Ол киіздей тұтасқан баялышты кеше-меше ұмтылды. – Мен сенің анаңмын!»

Жүрегі түскір су-у-у ете қалды. Аяғымен жер тепкілеп, аузы-басы кемсеңдеп, өзін-өзі тежей алмай, ал кеп бір аңырасын, боздасын сорлы ана. Буын-буыны дірілдеп, құлап түспеске, томардай қақайып, тебіренбей тұрған ұлының иығынан қос қолдап құшақтап алған. Төбесінен ұдайы

төніп тұрған қара қайғы зілмәуір салмақпен енді келіп үстіне құлағанда, амалсыздан аңырап, азалы бір, үрейлі бір үнге басқан. Жылап тұрып, жас жуған ақ шашының арасынан, бетіндегі шаң-тозаңды көзден аққан жас лайланып, соны сұртпек болып, діріл қаққан саусақтарының арасынан әлі де үміткер көңіл өз ұлының таныс дидарына қадалды. Мені таныр ма екен деген ынтызар үмітпен ұлының жанарына жалбарына көз тігеді. Өз анасын тану деген сонша қиын емес қой, Құдай-ау!» (Ш. Айтматов).

Жүрегі түскір су-у-у ете қалды – бұл эмоцияның тікелей адам ағзасына әсерін көрсетеді. Автор кейіпкердің ішкі жан-дүниесіндегі өзгерісін аталған фразеологизм арқылы ұтымды жеткізіп тұр. Бұл автордың кейіпкер эмоциясын жеткізуінің бір ғана тәсілі, бір ғана көрінісі. Найман-Ана эмоциясы ары қарай: *«Аяғымен жер тепкілеп, аузы-басы кемсеңдеп, өзін-өзі тежей алмай, ал кеп бір аңырасын, боздасын сорлы ана»*, – деп суреттеледі.

Қорыта айтқанда эмоцияны білдіру, бейнелеу, сипаттау мақсатында тілдік құралдарды ұтымды пайдаланып, кейіпкер бейнесін аша түсуде, оның ішкі жан-дүниесін оқырманға сол күйінше жеткізуде эмоцияны сипаттайтын жекелеген тілдік бірліктерден бастап, мәтінге дейінгі аралықтың ерекше әсерлі болуы жазушы қолданған тілдік құралдарда қарқындылық, бағалауыштық, бейнелілік, экспрессивтілік сияқты қасиеттердің қатар жүруімен байланысты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Арутюнова Н.Д. Функции языка // Русский язык. Энциклопедия. – М., 1997. – 609 с.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М., 2000. – 400 с.
3. Бальзак О. Шагреневая кожа, – М., 1958. – 439 с. – М., 1985. – 228 с.

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ МҮМКІНДІГІ

Қондыбай К.Ә.

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы
kondybay@mail.ru**

Әңгімелесу – мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогті қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімі мен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет оларды оқыту үдерісіне мейлінше тартуға көмектеседі. Екі сабақты өткізу барысында студенттер өте ұйымшылдықпен жұмыс істеді. Бір-біріне сұрақ қоя білді, сол сұрақтарға жауап беру барысында өз ойларымен бөлісе білді.

«Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» пәнінен «Қосымшалардың жіктелуі» тақырыбы сабағында мынадай нақты сұрақ түрлері берілді:

МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Салқынбай А.Б. Мархабат Томанов зерттеулері және қазіргі рухани жаңғыру.....	3
Томанова Н.М. Мархабат Томанов - человек в науке	10
Yıldız Naciye. Olumlulaştırma/-olumsuzlaştırma bağlamında doğu türkistan'dan derlenen kazak atasözlerinde “az” ve “çok”	14
Сағындықұлы Б. Құлжанова Б. Түркі тілдеріндегі табыс септігінің даму тарихы	21
Тымболова А.О. Үштілділік жағдайында қазақ тілін оқыту тәжірибелерінен.....	28
Yıldız Naciye Metin merkezli ve bağlam merkezli kuramlar esasında oğuz kağan destanı üzerine inceleme	33
Erbeden Erdi Özbek türkçesinin oş ağzından alkış örnekleri	47
Baldane Orhan Kazan tatar türklerinin mani ve türkülerinde dağ.....	57
Бекмағамбетов Ш. Ежелгі түбір сөздер табиғатын тіл генетикасы тұрғысынан тілдік негіздер арқылы зерттеудің маңыздылығы	66
Алкебаева Д.А. А. Байтұрсыновтың «қазақтың бас ақыны» мақаласының прагматикасы.....	71
Жұбаева О. Қазақ морфологиясының идиоэтникалық сипаты.....	77
Құлназарова Г.С. Профессор М. Томанов еңбектерінің қазіргі кездегі өзектілігі	90
Ezberci Ayşe Eleneksel el sanatımız oya	93
Emrah Yılmaz Türkmen deyimleri üzerine semantik açıdan bir inceleme...107	
Ақымбек С.Ш. Дауыссыз дыбыстар сәйкестігі мен алмасуының артикуляциялық сипаты	116

1-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХИ ГРАММАТИКАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Абитжанова Ж.А. Ж. Баласағұнның «Құтадғу билик» шығармасы тіліндегі метафораға негізделген мақал-мәтелдер.....	123
Аширова А.Т., Досанов Б. Түбі бір түркі тілдеріндегі дыбыстық және грамматикалық ерекшеліктер.....	130
Ақжігітова А.О. А.Байтұрсынұлы терминдерінің қолданыстағы көрінісі.....	134
Ахметқалиева Л. Қазіргі тіл біліміндегі функционалды прагматика бағыты және зерттелу жайы.....	140
Әбдікерімова Г.А., Сариева Т.Қ., Сайлаубеков А.Н. Түркі	

мәдениетінен бастау алған «мәңгілік ел» идеясы негізінде студенттерді отансүйгіштікке баулу, ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейту арқылы рухани жаңғыруға бет бұру.....	144
Әлімтаева Л.Т. Толымсыздықтың коммуникативтік аспектісі: диахрония және синхрония	148
Балтабаева Ж.Қ. Беласарова Ж.Т., М. Томанов еңбектеріндегі морфологиялық тұлғалардың тарихи дамуы.....	152
Дәулетова А.Н. Қожа Ахмет Иассауи хикметтеріндегі адами құндылықтар	160
Қанбаева А. Ұлт мұратын ұлықтаған ұлылық	162
Кушкимбаева А.С. Көнерген сөздер - ұлттық болмыстың өзегін сақтаушы	165
Өтемісова Г.Ж. Шығарма тілінде көнерген аталымдардың тіркестіру тәсілі арқылы жасалуы (Нұртуған мен Ерімбет шығармалары бойынша).....	171
Сайбекова Н.У. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі фонеманың функционалды сипаты	177
Турабаева Л.К., Есболаева И.А., Базарбекова Н.Ш., Сайлаубеков Н. М.Томанов – тіл тарихын зерттеуші	182
Төленби Ә. Шылаулардың даму тарихынан	186

2-СЕКЦИЯ. ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ: РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРТЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Абдрахманова Ж.М. Жастар тіліндегі тілдік қолданыс.....	189
Абдрахманова Ж.Ә., Алиева Г.А. Баспасөз тілі: заманауи «мағынасы майысқан мақалдар»	194
Абдрахимова Г.Б. Терминжасам және салалық сөздік	197
Арынбаева Р.А., Танабаева Г.Ө., Жамашева Ж.Р. Инновациялық оқыту тәсілдері арқылы қазақ тілі сабағында студенттердің тілін дамыту	199
Атаханова Н.А. Ақын өлеңдеріндегі көркемдік ойлау табиғаты	202
Әбдіманап М.Ә. «Алмас қылыш» романындағы «Мәңгілік ел» идеясы.....	207
Бурабаева Ж. Жүмекен Нәжімеденов поэзиясындағы «тамыр» концепті	215
Даулетова А.С. Тұлға әлеуметіндегі қарым-қатынас рөлі.....	217
Жусанбаева С.Б. Білім технологиясының ерекшеліктері	223
Жунисова М.А. Түркі жұртының рухани әлеміндегі тілдік білім	225
Жұмабаева Г.С. Ғабдол Слановтың көркем прозасы	230
Жүсіпов А.Е. Тілде кездесетін қателіктер:стилистикалық, семантикалық қайшылық, аударма қателігі	236
Иманалиева Ғ.Қ., Амирова М.Ж., Ормаханова Л. Көркем	

шығармаларда эмоционалды-экспрессивті сөздердің қолданылу ерекшеліктері.....	241
Қондыбай К.Ә. Диалогтік оқыту арқылы студент белсенділігін арттыру мүмкіндігі.....	247
Мамаева М. Қазіргі қазақ тіліндегі күшейтпелі үстеулердің функциясы және одан туындайтын проблемалар.....	251
Муханжанова З.Х. Культурные ценности казахов кочевого периода ...	254
Нұржанова А.С. Үштілді білім беру жүйесін жүзеге асырудағы мемлекеттік тілдің алатын орны.....	259
Наурызбай С. Ономастиканы зерттеудің кейбір мәселелері	263
Нұрланова Н.Н. Әбіш Кекілбаевтың публицистикалық шығармаларының тілі мен стилі	265
Рамазанова Ш.Ә., Иманқұлова С.М. «Жеті қаған» – елдік пен ерліктің шежіресі.....	270
Тлеулесова А.Ш. Тіл - рухани қазына.....	274
Түсіпқалиева Р.Қ. Жарқын болашақ – жастардың қолында	277
Турабаева Л.Қ., Мадалиева А.Б., Байжанова Н.А., Кизбаева Ж.Қ. Төл мәдениетін қалыптастыру және тілдік норма.....	280
Турсын Ш.К. Білім беру үдерісінде Қазақстанның ашық кітапханасын қолдану тиімділігі	283
Усербаева М.К. М. Мақатаевтың тарихи, трагедиялық дастандарының жанрлық және көркемдік ерекшеліктері.....	287
Шортанбаев Ш.А., Салықбаева Ә.А. Қазақ поэзиясының тілі мен стилі: оқыту ерекшеліктері	295
Шыныбекова А.К. Терминжасам мәселелері жөнінде	299